

ӘОЖ 378.147.004.853

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Нұрқабыл Гүлден Жеткергенқызы

Totty25@mail.ru

Филология факультетінің магистранты

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.С. Нуркенва

Ана тілінің проблемасы қашан да алдыңғы кезекте тұрады. Бұл мәселенің ерекшелігі ана тілін оқу, білу, құрметтеу, ана тілінде сөйлеу сынды қағидаттармен ерекшеленеді. Десек те, шет тілін оқу әрі үйрену күн тәртібінің жауапты ісіне айналғалы қашан. Себебі, адамға бұл жауапкершілікті қоғам талап етіп отыр.

Уақыт ағысы алға жылжыған сайын тіл үйрену, оны өз қолданысыңа игерудің артықшылықтары артуда. Мұның барлығы да – заман талабы. Өйткені, қазіргі қоғамдағы ең ұлы бәсеке де тілге келіп тіреледі. Көп тілді меңгеру, көп мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» атты мақаласында: «Біз үштілділікті дамыту қарқынын үдетіп отырмыз. Бұл ойдан шығарған дүние емес, қажеттілік. Қазірдің өзінде Қазақстандықтардың 20 пайызы ағылшын тілін меңгерген. Яғни, үш тілді меңгеру, білу – бұл жаһандық әлемге жолдама деген сөз. Бұл адамның өмірдегі табыстылық, жетістік принципі. Жаһандық әлемде біздің балаларымыз «Планета азаматы» болады. Сондықтан да олар әлемнің кез келген өңірінде жұмыс істеп, күнін көре алатын болады. Яғни, бүгінгі күрделі әлемде біздің балаларымыз өздерін «судағы балықтай» сезінуі керек, біз соған жағдай жасап жатырмыз», - деген болатын [1, 11].

Қазіргі таңда екінші шет тілі ретінде ағылшын тілі оқытылуда. Оның өзі еліміздегі оқыту саласын жоғарғы сатыға көтеруде. Әлемнің өзі ғаламдану процесін бастан кешіруде, ал оның бәрін жүзеге асырып жатқан – ағылшын тілі. Мысалға, назар аударып қарасақ, ғаламтордағы ақпараттың басым көпшілігі ағылшын тілінде беріледі. Тіпті, халықаралық

қатынастар, экономика, бизнес, туризм, әлемдік білім ғылым саласының озық технологияларының барлығы да ағылшын тіліне тәуелді. Сондықтан да, шет тілін оқытудың ең басты міндеті – кәсіби коммуникативтік және мәдениетаралық біліктілікті қалыптастыру.

Әрбір адамға жүктелген үш тілді меңгеру, еліміз үшін өте жауапты іс. Болашақтың бағдары да осы бағытта жүзеге аспақ. Сондықтан да, үш тілді меңгерген адамның соған сәйкес артықшылығы да мол болады. Атап айтсақ:

- Бірнеше тіл білетін адамның ойлау қабілеті жылдам болады;
- Үш тілді меңгерген адамдар дарынды әрі тапқыр болады;
- Үш тілді білетін адамдардың есте сақтау қабілеті – жоғары болады;
- Көп тіл білетін адамдарда ақылынан адасу дерті аз байқалады;
- Олар дарынды ойлайды;
- Үш тіл білетін адам өзге тілдерді де еркін меңгереді;
- Қоғамға тез бейімделеді;
- Өзге мәдениеттің ерекшелігін түсіне біледі;
- Шет тілін меңгергендер адам эмоциясын жақсы түсінеді;
- Үш тілді меңгерген адамның жұмыс табу мүмкіндігі де жоғары болады [2, 122].

Бұл келтірілген мәліметтердің барлығы да жоғары санаттағы психологтардың зерттеу деректерінен алынған. Бірнеше жылдан бері психологтар екі-үш тілді білетін адам психологиясын зерттеп, соның нәтижесінде пайда болған артықшылықтар жиынтығы.

Шет тілін оқытудың жаңа білім технологияларын меңгеріп сабақты дұрыс жоспарлау мен өткізудің орны ерекше. Олай болса, шет тілінің әрбір сабағының мақсаты – шет тілін оқытудың мақсатымен, яғни тілді терең меңгеру және оны ұлтаралық қатынас құралы ретінде пайдалана білумен тығыз байланыста болуы жан-жақты қарастырылады.

Шет тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту қазіргі таңда қарқынды жүргізіліп жатқан жұмыстардың бірі. Тиімді жоспарлаудың арқасында шет тілін меңгеріп, одан нәтижелі жетістіктерге қол жеткізу әрбір ұстаз міндеті. Осы қағиданың негізінде жаңа инновациялық технологияларды пайдалану, студенттерге жедел түрде шет тілін меңгеруге септігін тигізеді. Ал, мұндағы инновация дегеніміз тек қана жаңалық енгізу емес, сонымен қатар жаңаны дәстүрлі оқу-тәрбие үрдісіне қолдана білу.

Атақты психолог Н.И.Жинкин сөйлеу әрекетін зерттей келе, сөздер мен оларды мидың кинетикалық орталығы арқылы жүзеге асатынын айтады. Яғни, оқытушы тілге үйрету барысында, тыңдау мен сөйлеудің мүмкіндіктерін жасауы тиіс. Мұндағы, екінші тілде сөйлеу дегеніміз – жаңа таңбалы білім алудың жаңа жолдарын игеру деген сөз. Сондай-ақ, оқытушы жаңа тілді үйрету кезінде жаңа тақырыпты есте сақтау, есте ұзақ сақтау жолдарын білуі керек. Оның өзі ерікті және еріксіз түрде жүзеге асады. Бұл тақырыпты тыңғылықты зерттеген ғалым П.И.Зинченко: «Еріксіз есте сақтау қабілеті бір нәрсені қайталап жаттағанда емес, керісінше осы нәрсе туралы белгілі бір қиындықтарды, мәселелерді талдағанда ғана іске қосылады», - деген пікірін алға тартады [3, 56].

Шет тілін оқыту әдістемесінің өзге тілдер сияқты өзіне тән зерттеу мәселелері болады. Олар:

Шет тілін өз елімізде және өзге елде оқыту жолдары;

Әртүрлі орталықтарда, мекемелерде алдыңғы қатарлы оқытушылардың тәжірбиесін зерттеу, қолдану;

Тәжірбиелер арқылы жаңа әдістемелік тақырыптар енгізу.

Осы аталғандардың ішінде жаңа әдістемелік тәжірбиелерді ұйымдастыру кеңінен қолданылып жүр. Себебі, шет тілін үйренушілерге арналған жаңа технологияларды пайдаланудың тиімділігі де мол.

Соңғы жылдары оқу ағарту жүйесінде жаңа ақпараттық технологияны қолдану мәселесі жиі көтеріліп жүр. Бұл тек ғана жаңа техникалық құралдарды ғана қолдану емес, сонымен қатар оқыту үрдісінде жаңа формалар мен оқытудың жаңа интерактивті әдістерін қолдану деген сөз.

Бүгінгі таңда шет тілін үйренушілер арасында ең жиі қолданылатын жаңа технологиялардың бірі – компьютерлік технологияны пайдалану. Оның артықшылығы мен тиімділігі де жоғары. Қалаған уақытта отырып, интернет желісі арқылы шет тілін үйренуге болады. Жаһанданған интернет жүйесін қолдану негізінде, тіл үйренушілердің сөз әрекетінің төрт түрінде біліктілігін қалыптастыруға болады. Олар: жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, интернет жүйесін пайдалана отырып, тілін үйренуші елдің өкілдерімен байланысқа түске алады.

Мәселен, «интернет» деген сөздің өзі ағылшынның «international net» деген сөзінен алынған. Аудармасы «халықаралық байланыс» деген ұғымға ие. Интернет жүйесі арқылы тіл үйренуші тіл өкілімен тура, тікелей байланысқа түсе алады. Шет тілі сабағында интернетке қосылу арқылы шынайы қарым-қатынас үлгісін жасауға болады. Табиғи тілдік ортада тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана отырып, тіл үйренушілер айтылымдарға күтпеген жерден, түрлі тілдік формулаларды қолдана отырып, жылдам жауап беруге дағдыланады.

Интернет жүйесінің келесі ақпараттық қоры мен ресурстарын шет тілін үйрену кезінде жаңа технология есебінде пайдаланудың бірден-бір тиімділігі:

Электрондық пошта, телеконференция, видеоконференция;

Жеке ақпараттарды жарыққа шығару мүмкіндігі болмаса басқаша айтқанда Web;

Ақпараттық каталогтар (Yahoo, InfoSeek, Ultra Smart және Galaxy) іздеу жүйесі, (Chat) желішіндегі әңгіме.

Сонымен қатар, дәл қазіргі таңда шет тілін оқытудың коммуникативтілігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте жүзеге асуына септігін тигізуде. Бұл аталған ұстанымдар мәдениетаралық біліктілікті арттыруға көмектеседі. Яғни, шет тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалдарды жаттаумен ғана шектелмейді. Сөздік қор, қажетті құрылым, тілресурстарының негізінде жүзеге асырады.

Осыдан түйетініміз, шет тілін оқыту кезінде студенттердің өзіндік іс-әрекетін оны оқытып жатқан тілдік әрекет түрінде ғана ұйымдастыруға болады. Мысалы: тыңдап түсіну дағдысына үйрету кезінде әрбір студент шет тілде жазылған, сол елдің адамдарының сөйлегенін естуге мүмкіндік алуы тиіс. Бұл жерде үлкен мүмкіндіктерді интернет желісі ұсына алады.

Кейбір студент мәселені түсінбей, өзіне қажетті ақпаратты ала-алмай, проблеманы шешуге шығармашылық тұрғыдан келу мүмкіншілігінен айырылып, өзінше ой қорытып, оны тұжырымдау және қызықты пікірлер айта алу қабілетіне ие бола алмауы мүмкін, осындай кездері мәселені шешуде жаңа ой, құнды пікір айту өте маңызды. Және ол міндетті түрде қорытындыланып, көрініске ие болар болса, оның нәтижесі жоғары болмақ. Сондықтан шет тілін оқыту технологиясының тиімділігінің көрсеткіші деп мыналарды айта аламыз:

Студенттердің моральдық психологиялық, интеллектуалдық және жас ерекшеліктерін ескеру;

Оқуға жағымды көңіл-күй қалыптастыру;

Оқытушы мен студент арасында сөз алмасу, ғылыми қарым-қатынас және әріптестік принципін орнықтыру;

Оқуды игеруге мультимедиялық және басқа да техникалық арсеналды іске қосу.

Студенттердің есте сақтау қабілеті мен шығармашылық деңгейін көтеру арқылы белсенділігін арттыру;

Сабақтардың бітуімен студенттердің келешекке қанағаттануының қорытынды нәтижесі;

Білім беру технологиясының үш түрлі типін пайдалану: дәстүрлі, инновациялық және ақпараттық [4, 38].

Бұдан шығатын қорытынды, студенттер әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану арқылы компьютерлік технологияның көмегімен өздерінің дербес ізденуі арқылы шет тілін игеруге кәсіби шеберлігін шыңдайды.

Демек, жаңа ақпараттық технологияға әртүрлі ақпараттарды электрондық әдіспен енгізу, сақтау және беру болып табылады. Оларды оқу процесінде пайдалану ерекшелігіне сай мынадай топтарға жіктеуге болады.

Электрондық оқулықтар;
Тренажерлер;
Тьюторлар;
Лабораториялық жаттығулар;
Тест жүйесі.

Мультимедиялық технологияға сай оқу жүйесі компьютер, видеотехника жиындысын пайдалану арқылы жүргізіледі. Электрондық пошта, телеконференция, шоғырлы не аймақтық байланыс жүйесін біріктіретін телекоммуникациялық қондырғылар. Электронды кітапханалар. Бұл технологиялар білім саласында, шет тілін үйренуде пайдаланудан гөрі тезірек дамиды.

Қорыта айтқанда, шет тілін оқыту жаңа технологияларды пайдаланудың тиімділігі – бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірбиеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады. Сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетуімен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Зинченко П.И. Вопросы психологии памяти.- Москва: Сборник, Психологическая наука в СССР в 2-х тт., Т.№1,1989. - 599 с.
2. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы., ҚР Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы.
3. Құнанбаева С. С. Жаңаша оқыту әдістемесі.-Алматы:Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы, №1, 2006.- 97-98 б.
4. Сақтағанова М. С, Алиева Н. Қ, Айтбаева Н. Қ. Ағылшын тілін оқытудың әдістері, №3 - Алматы:Білім, 2006.- 43б.